

БЕКІТЕМІН
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі
Қ.Д.Бактыбаева
« » 2023 жыл



**2023 – 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУАҒАН
ОРТАҢҒЫ ТОБЫНЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ
ТҮЗЕТУ – ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Дефектолог: А.Ж. Каппарова
Э.Б.Нагиманова

Түсіндірме жазба

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы. Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Сонын бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелеріне арнайы тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдарының бірінде көрсетілгендей инклюзивті білімді дамыту шаралары қолға алынуда. Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі. Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (СТЖД) қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзетупедагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін СТЖД балалардың сөйлеу тілінің, атап айтатын болсақ, лексикалықграмматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады. Сондықтан да, аталмыш нұсқау логопедиядағы әлі де толық зерттелмеген маңызды мәселе –мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ-деңгейдегі балалардың (яғни, тіл жүйесінің барлық компоненттерінің бұзылысы бар балалардың) сөйлеу тілін тексеру және лексикалық-грамматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға арналған. 5 Қосымшада сөйлеу картасының үлгісі, СТЖД балалармен жұмыста қолданатын тапсырмалар үлгілері, аталған балаларға арналған ұйымдарда заттық-дамыту ортасын орнатуға арналған құрал-жабдықтар, СТЖД ІІІдеңгейдегі балаларға арналған ойындар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі және СТЖД балалардың ата-аналарына арналған, баламен жұмыста қолданатын жұмыс түрлері берілген. Автор, аталған оқу-әдістемелік құралдың СТЖД балалармен түзетедамыту жұмысын жүргізетін логопед мамандардың кәсіби іс-әрекетін тиімді, сапалы жүргізуге көмегін тигізеді деп сенеді. Аталған оқу-әдістемелік құралы СТЖД балалар топтарындағы мұғалім-логопедтеріне, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған.

Жеке оқу жоспары

Бағдарламаның мерзімі - 1 оқу жылы

Арнайы түзетуші іс - әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Бағдарлама топтық және жеке сабақтар түрінде ұжымдық түрде жүзеге асырылады:

- тәрбиеші - күнделікті;
- логопед - аптасына 1 рет;
- педагог - психолог - аптасына 1 рет;
- дефектолог - аптасына 1 рет;
- ата - аналардың өтініші бойынша ұсыныстар алынады.

Мақсаты: қоршағандардың сөйлеуіне қызығушылықты және ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту, сөздік қорды кеңейту болып табылады.

Міндеттері:

- сөйлеуді түсінуді дамыту;
- тілдің лексико-грамматикалық құралдарын қалыптастыру;
- фонематикалық естуді және сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту;
- байланыстырып сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
- балаларды құрдастармен қарым-қатынас жасауға ниеттендіру.

**Бағдарлама мазмұны
(ортаңғы топ 3-4жастағы балалар)**

Мерзімі	Арнайы түзетуші іс - әрекет	Арнайы түзетуші іс – әрекеттің міндеттері	Арнайы түзетуші іс – әрекетінде қолданылатын ойын түрлері
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Импрессивті сөйлеуді дамыту: Лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздікті әрі қарай дамыту. «бір-көп» түсінігін сәйкестендіре алуды қалыптастыру. жекеше және көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді түсіне алуды балаларға үйрету. кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануды үйрету. Жағдаяты бойынша ұқсас, іс-әрекет мағынасы және белгілері бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға оқыту. Тәуелдік сын есім түсінігіне оқыту. Зат есім және етістіктердің жекеше және көпше түрдегі грамматикалық категорияларын түсінуді қалыптастыру. Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: Тұтас заттың бөліктерін атауды және ажырата алуды қалыптастыру. Жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алуға үйрету. Заттардың сапасын және ерекшеліктерін бейнелейтін сөздермен балалардың сөйлеу тілін молайту. Екі буынды сөздерді екпінді бірінші буынға қоюмен айтуға үйрету. Бір буынды сөздерді айтуға үйрету. Екі құрамды сөйлемдер және бірнеше сөздерден құралған сөйлемдермен қолдана алуға үйрету. Сөзжасамның алғашқы дағдыларына оқыту. Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды атау мен ажырату. Зат есімнің септік түрін меңгеруге оқыту (табыс, ілік, барыс, көмектес, жатыс септіктер). Сөйлеуде бұйрық түрдегі етістіктерді қолдану және түсіну. Зат есімдердің сын есіммен жақ түрінде, жекеше, көпше түрінде үйлестіре алуына үйрету («үлкен доп», «жаңа кітаптар»). Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру (сөйлеудің кез-келген фонематикалық рәсімделуімен): Екі құрамды сөйлемді меңгеруге оқыту («Анам отыр», «Әкем жүріп келеді»). Балалардың күнделікті әрекеті, сурет бойынша, қимыл-қозғалыстарды демонстрациялау негізінде қарапайым сөйлемді құрастыруға үйрету. Сұрау сөйлемдерін құрастыруды оқыту «Бұл не?», «Бұл кім?», «Сенің есімің қалай?». Тақпақтар, өтірік өлеңдерді айтуды аяқтайтын жаттығуларды орындау.	«Карточкалар жиынтығы» «Дыбыстар қорапшасы» «Қиюға арналған жиынтық» «Түрлі түсті ұяшықтар» «Жұбын тап» ағаш жапырақтары

1-жартыжылдық		Коммуникативтік дағдыларды дамыту: Ситуативті-іскерлік қарым-қатынас түрінде вербалды және вербалды емес құралдарды жаңғыртуға және қабылдай алу икемділігіне оқыту. Ойын жағдаяттарын қолдана отыра, вербалды айқын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасқа оқыту. Қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту. Мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға оқыту.	«Сандар мен заттар» «Ұзын-қысқа» «Санауды үйренейік»
			«Сөйлем құрастыр», «Заттарды ата», «Сиқырлы қорап», «Нүктелерді бастыр»
	Дыбыстап айту	Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру: Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуды тәрбиеле. Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауды үйрету. Дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір, екі, үш буынды сөздерді айта алуға үйрету.	«Пазл-ғарыш әлемі» «Тақтайдағы пішіндер» «Лабиринт» нейрогимнастика
	Күтілетін нәтиже	Ересек адамдармен қарым-қатынасқа жасайды. Заттарды олардың сапалық белгілері және функционалдық тағайындалуымен сәйкестендіре алады. Кішірейткіш-еркелету, тәуелдік мәніндегі сын есімдерді ажырату. Мағынасы бойынша қарама-қарсы және жағдайы бойынша жақын әрекеттер мен белгілерді ажырата алады. Кейбір көмекші сөздердің, табыс, ілік, барыс, көмектес, жатыс септіктердің, зат есім және етістіктің жекеше, көпше түрінің грамматикалық категорияларын түсінеді. Сөз тіркестерін, екі құрамды және қарапайым сөйлемдерді қолданады. Сұрау сөйлемдерін құрастырады. Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындайды. Дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір, екі, үш буынды сөздерді айта алады. Тақпақтар, өтірік өлеңдерді аяқтап айта алады.	

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Импрессивті сөйлеуді дамыту: Дидактикалық жаттығулар және ойын үрдісінде лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздік қорды кеңейту, нақтылау. Жактық және өздік етістіктері айқын әрекеттерді ажырата алуға оқыту. Жекеше түрдегі өткен шақтағы етістіктерді ажырата алу икемін қалыптастыру. Зат есімнің кейбір септік түрлерін түсіне алуды дамыту. Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсігн алды дамыту. Етістіктердің мағынасын өзгеруіне әсер ететін тәуелдік сын есімдерді, кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді ажырата алу икеміне үйрету. Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: Дидактикалық жаттығулар және ойын арқылы лексикалық тақырыпты меңгеру үдерісінде белсенді сөздікті молайту. Екінші буынға екпінді қоя отыра екі буынды сөздерді айтуға үйрету. Үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Жай сөйлеммен ертегі мазмұны және сурет сюжеті бойынша сұрақтарға жауа бере алуды дамыту. Жекеше түрдің 2 жағындағы бұйрық түріндегі етістіктерді осы шақ етістігіне өзгерте алуды қалыптастыру. Екі сөзді және екі құрамды сөйлемдерде меңгерілген етістік формаларын қолдану. Сөйлеуде «ішінде», «үстінде», «артында» үстеулерін қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, бірақ балалардың сөйлеуінде морфологиялық элементтердің болуына көңіл аудару: Жайылма сөйлемді құра алуға оқыту: ілік септігінің жалғауы және заттық суреттер мен сұрақтарға сүйене отыра басқа септіктердің жалғауларының көмегімен. Қысқа тақпақтарды жаттау	«Ұлуды құрастырамыз» «Пішіндермен танысу» «Зерттеу жұмыстар» «Су-Джок» доптары «Құммен жұмыс» «Түрлі-түсті көбелектер»
Сөйлеуді дамыту		

Дыбыстап айту	Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру: Жеке дыбыстардың айтылуы және жануарлардың дауысқа еліктеуін ажырату. Дыбысты-буындық құрылымы бойынша ұқсас сөздерді естуге дифференциациялауға оқыту («үйшік-күшік», «ойнайды-орайды»). Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: Сюжеттік бейнелеу кейіпкерлерінде эмоционалдық жағдайды анықтай алуға үйрету: сюжеттік бейнелеу кейіпкерлерінің эмоционалдық жағдайын қабылдай және көрсете алу икемділігі. Ойын ситуацияларын қолдана отыра, отбасы мүшелерімен қарымқатынас жағдайында коммуникативтік дағдыларды белсендіру. Отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін сипаттап бере алу икемділігіне оқыту. Ойын ситуацияларын құра отырып, құрдастарымен қарым-қатынасқа балаларды итермелеу. Мимика және пантомимика көмегімен қатынас-орнатушы сұрақтарды қолдану және түсіну, достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру дағдыларын бекіту	«Түймедақ» сортер «Танграмм» «Сумен жұмыс» «Үлкен-кіші» «Қайшымен жұмыс» «Боямақ»
Күтілетін нәтиже	Өзі туралы, отбасы туралы, сүйікті ойыншықтары туралы мағлұматты сұрақтарға жауап береді. Кейбір жай көмекші сөздердің, етістіктердің ашық және бұйрық райдағы грамматикалық категорияларын түсінеді; Етістіктің мғынасын өзгертетін қосымшаларды ажыратады. Қарапайым сұрақтарды қояды. Қарапайым ақпаратпен бөліседі. Толықтыруларды пайдаланып жайылма сөйлемді қолданады. Түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтады. Саусақ гимнастикасының мәтіндерін, өтірік өлеңдер, қысқа тақпақтарды жаттайды.	